

2ші тоқсаннан бастап домбыра үйірмесі өз жұмысын бастады. Үйірмеге оқушылар қабылданды. 4-сынып оқушылардан кіші топ, 5-6 сыныптардан орта топ, және 7-сынып оқушыларынан үлкен топ болып бөлінді. Әр топқа сабақ кестесі құрылды, жоспарға сай сабақ өтілді. Домбыраның құрылысы мен жасалу жолы, тарихы мен орындаушылық ерекшелігімен таныстырылды. Домбыра аспабының қалай ұстау керек, отырысы қалай болу керек, екі қолдың қойылымын меңгерді. Оқушылар қазақтың ұлттық өнерімен танысты. Ноталарды меңгеріп, өз бетінше ойнап үйренуді қалыптастырды. Әр түрлі іс шараларға қатыстық. 15.12.2023ж күні өтілген Республикалық семинарға қатыстық.



3-ші тоқсанда сабақ әр топта сабақ кестесі бойынша жүргізіліп отырды. Халық күйлері мен әндерін ойнап үйренді. Қазақтың ұлттық аспабы «Жетіген» аспабымен танысып қыздар арасында аспапқа деген қызығушылықтары ерекше артып үйрене бастады. Аспаптары жоқ болса да үлкен нәтиже көрсетіп жүрді. Жетігенде қазақтың әндерін «Әлди әлди», «Біз өмірдің гүліміз» халық күйі «Кербез қыз» үйренді. 03.03.2024ж күні «Тұран Таланты» атты Халықаралақ байқауға қатысып «Шалқыма» домбырашылар ансамблі 1-орынды иеленді, «Жетіген» ансамблі 1-орын алып Туркия еліне жолдама жеңіп алды. «Шалқыма» домбырашылар кіші топ ансамблі 2-орын алды.



01.03.2024ж Алғыс күні мерекесіне арналған концертте өнер көрсеттік, хор ұжымымен бірге «Жетіген» аспабында 7и сынып оқушысы Әлібек Кәусар өнер көрсетті.



30.03.2024.ж күні Тараз қаласында өткен «Жарық Жұлдыз» атты Республикалық байқауда 5и сынып оқушысы Нұрболқызы Инжу «Жетіген» аспабында халық күйі «Кербез қыз» күйін орындап бас жүлдені жеңіп, Ташкент қаласына жолдама ұтып алды.



Мектебімізде өткен қалалық семинарда қонақтарды қарсы алып, өнер көрсеттік.

19.05.2024.ж күні Өзбекстан елінде Ташкент қаласында өткен Халықаралық «Жарық Жұлдыз» атты байқаудың финалына қатысып 5-7 сынып оқушылары Әлібек Асылай мен Әлібек Кәусар жетіген аспабында өнер көрсетіп 1-орынды жеңіп алды.

